ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 01 ақпан №2301-23-00-2/2976 іс Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья О.Ш.Даурешова
сот отырысының хатшысы Ш.Т.Мұхтаудың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің «№10 «Құлыншақ» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Суббота» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілі А.Утенова, А.Хайрошева
Жауапкер өкілі Ә.Нысанбайұлы

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2023 жылғы 31 қазанда мемлекеттік сатып алу туралы №78 келісім-шарт жасақталған (бұдан әрі - Шарт).

Шарттың ажырамас бөлігі 1-қосымшасына сәйкес жауапкер талап қоюшыға «еден плиткасы» тауарын жеткізуге міндеттенген.

Шарттың сомасы - 234 192 теңге, орындау мерзімі - Шартқа қол қойған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2023 жылғы 30 қарашаға дейін.

Күні бүгінге дейін шарт бойынша алынған міндеттемелер орындалмай, қызметтер көрсетілмеген, «еден плиткасы» тауар жеткізілмеген, ол туралы жауапкерден ешқандай туындаған қиыншылықтар немесе дәлелді хат келіп түспеген.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, шарттың талаптары мүлдем орындалмағанын, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Талап қою арызға қарсы пікір ұсынылмады.

Сот отырысында жауапкер өкілі талапты мойындап, тауар жеткізілмегенін көрсетіп, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танымауды сұрады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (келесіде - Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта анықталғандай, 2023 жылғы 31 қазанда мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде талап қоюшы мен жауапкер арасында мемлекеттік сатып алу туралы №78 келісім-шарт жасақталған. 1-қосымшасына сәйкес жауапкер талап қоюшыға «еден плиткасы» тауар жеткізуге міндеттенген. Орындау мерзімі - Шартқа қол қойған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде.

Талап қоюшы сот отырысында жауапкер тарапынан шарттың міндеттемелері орындалмай, тауар шартта көрсетілген мерзімде жеткізілмей, нәтижесінде талап қоюшы үшін жағымсыз салдар пайда болғанын, «еден плиткасы» тауар жеткізілмегенін көрсетті. Шарт 2023 жылғы 28 қарашада бұзылған.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады.

Құжатқа қол қойылған: Дәуренова О. Ш., 07.02.2024

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 725 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің «№10 «Құлыншақ» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жауапкер «Суббота» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

«Суббота» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Суббота» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья О.Ш.Даурешова

Көшірме дұрыс

Судья О.Ш.Даурешова

Анықтама:

Шешім заңды күшіне 2024 жылы "11" наурызы енді.

Судья О.Ш.Даурешова

Құжатқа қол қойылған: Даурешова О. Ш., 07.02.2024

2301-23-3-1/3442

Құжатқа қол қойылған: Даурешова О. Ш., 07.02.2024

2301-23-3-1/3442